



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ**
№ 26 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І
2005 жылғы 16 тамыз

**Халықаралық резервтер және
ақша базасы туралы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің халықаралық резервтері (Ұлттық Қордың ақшасын ескермей) және ақша базасы 2005 жылғы 15 тамызда мынадай болды:

	Ағымдағы бағамен	Тұрақты бағамен*
Таза халықаралық резервтер, млн.долл.	7 944,3	7 926,8
оның ішінде		
ЕАВ таза активтер**	7 098,5	7 098,5
Алтын	845,8	828,3
Ақша базасы, млрд. теге	545,6	545,6
KZT/USD (кезең аяғында)	135,23	130,00
Алтынның бағасы (1 трой унциясы үшін USD-мен)	447,25	438,00

* 2004 жылдың аяғындағы теңгенің АҚШ долларына бағамы және алтынның бағасы көрсетілген

** ЕАВ-мен таза активтер – бұл ЕАВ-ғы жалпы активтер мен міндеттемелер арасындағы айырмашылық

2005 жылғы тамыздың бірінші жартысында Ұлттық Банктің халықаралық резервтері көбейді.

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтерінің ағымдағы бағасы 2,5%-ға (немесе 190,7 млн. долл.) өсті. Қаржы министрлігінің сыртқы борышына қызмет көрсету, Ұлттық қордың активтерін толықтыру және Ұлттық Банктің ішкі валюта рыногындағы операциясы Ұлттық Банктегі Үкіметтің шоттарына шетел валютасының түсуімен ішінара бейтараптандырылды. Нәтижесінде таза валюта қорлары (ЕАВ) 149,7 млн. долларға көбейді. Алтынмен активтер жүргізілген операциялар және оның әлемдік рыноктардағы бағасының 4,7%-ға өсуі нәтижесінде 41,0 млн. долларға көбейді.

Тұрақты бағалармен Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері 2,0%-ға, ЕАВ-мен таза активтер – 2,2%-ға, алтынмен активтер 0,4%-ға көбейді.

Елдің халықаралық резервтері жалпы алғанда (ағымдағы бағалармен) яғни, Ұлттық Қордың ақшасын (алдын-ала деректер бойынша – 5 276,2 млн. долл.) қоса алғанда 13 225,1 млн. долл. болды. Өткен айға өсуі 1,8 % болды.

2005 жылғы тамыздың бірінші жартысында Ұлттық Банктің таза ішкі активтерінің төмендеуі (Үкімет шоттарының көлемінің өсуі) ақша базасының 3,4%-ға (немесе 19,2 млрд. теңгеге) ықшамдалуына себепші болды.